



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

рухани жетілуі үшін әуелі өмір сүруге қолайлы жағдай керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармалар. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 296 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1982 – 464 б.

ӨОЖ 821. 512. 122

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫНЫҢ «АЛАШҚА» ДАСТАНЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Асенова Айгүл Халдарқызы

asenova.1997@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Б.Жұмағұлов

XX ғасырдың басы – ұлт тарихында сан алуан қоғамдық құбылыстарға, саяси-тарихи жағдаяттарға толы кезең. Ақпан революциясынан кейін қазақ елі ұлттық жаңару мен жаңғыруда біртұтас Алаш идеясының төңірегіне ойысты.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынборда Екінші жалпы қазақ съезі өз жұмысын бастады.

Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов және Е.Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты [1, 149].

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілді. Олар: 1) Сібір, Түркістан автономиясы һәм юго-восточный союз туралы; 2) Қазақ-қырғыз автономиясы; 3) Милиция; 4) Ұлт кеңесі; 5) Оқу мәселесі; 6) Ұлт қазынасы; 7) Муфтилік мәселесі; 8) Халық соты; 9) Ауылды басқару; 10) Азық-түлік туралы мәселелер еді.

Осы тарихи жиынға 9 облыс (Ақмола, Торғай, Семей, Жетісу, Сырдария, Орал, Бөкей ордасы, Ферғана, Самарқанд) және Алтай губерниясында тұратын қазақтар қатысқан. Ә.Бөкейханов бастаған топ автономия жариялау әзір ертерек деген пікір ұстанған. Халел және Жанша Досмұхамедов бастаған екінші топ дереу автономия жариялау қажет деген пікірді ұстанған. Ақыры Алаш автономиясын жариялау туралы шешімге тоқтап, Алашорда үкіметін құрған. Үкімет төрағасына Әлихан Бөкейханов сайланып, 25 адамның құрамына үкімет мүшелерін тағайындаған. Ары қарай әскер-милиция құру, қаржы табу жолдары қарастырылған. Кешікпей балшабектер (большевик) билігі күшейіп кетуіне байланысты Алаш автономиясының өрісі тарылды [2, 19].

Алаш ел болып көптің қатарынан қадірлі орын алу үшін ең бірінші өзі түгел болуы керек еді. Алайда, қазақтан шыққан большевиктер бірігудің орнына ыдырап межелі нәтижеге жеткізбеді. Осындай ішкі қайшылықтармен бірге, елдің сыртқы жағдайы, атап айтқанда Кеңестердің жеңуі мен азамат соғысының зардабы да Алашорданың аяғынан тік тұрып кетуіне кедергі жасады. Қазақ комитеттерінің, қазақ съездерінің қызметі нәтижесінде құрылған Алашорда үкіметі енді құлдырай бастады.

1918 жылдың көктемінде Алаштың кейбір көсемдері Семейде жиналып, шетелдегі қазақтарға барып, онда Алаш идеясын насихаттау жөнінде ақылдасты. Бас қосуға Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жақабай Әтікұлы, Жұбандық Болғанбайұлы, Сейдазым Қадырбайұлы, Қажымұқан

Мұнайтпасұлы, Елдес Омарұлы қатарлы Алаш көсемдері қатысты. Осы жылдың мамыр қытай иелігіндегі Шәуешек қаласын бетке алып, Семейден Алашорда үкіметі атынан Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Садық Аманжоловтар жолға шығады. Бұнда Шәуешекке барудағы мақсат шеттегі қазақтарды Алаш ұранының астына бірігуге үндеу болса, келесі бір деректе Шәуешек қаласындағы Ресей консульдығы арқылы большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін қытай үкіметінен қару-жарақ алу туралы келіссөз жүргізуге барған деген пікір де бар [3, 46].

Ал Уахап Қыдырханұлының «Алаш арыстарының Шәуешекке сапары» мақаласында:

«Екі мақсат болыпты. Бірі – ақ пен қызыл аласапыранында үркіп, үдере көшіп кеткен елдің жағдайын білу, көнсе, қайта көшіру. Екінші – Алашорданың ауқымын осы жақтағы елге де ұлғайту» - болғаны айтылады [4, 4].



1- сурет. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының 1918 жылдың көктемінде Шәуешекке аттанарда достарымен бірге түскен суреті. (Сурет “Оян, намыс” журналынан алынды)

А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Марсеков, Қ.Сүлейменұлы бастап барып, 1918 жылы 24 сәуірде Шәуешек қаласында кіші құрылтай өткізген болатын. Ондағы басты мақсаты:

1. «Алашорда» үкіметінің Шығыстағы эмиграциялық бөлімін ашу;
2. Босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорда мемлекетінің азаматтары ретінде Қытай үкіметіне ресми тіркету;
3. Оларды жерге қолтықтаса орналастырып, дербес автономиялық басқару жүйесін құру болатын [5; 6].

Ақсуат өлкесін басып, Шәуешек қаласына келген Алаш көсемдері ертеректе Семей қаласында тұрып, осында қоныс аударған көпес Рамазан Шәнішевтің үйіне түседі. Осы кездесуде әйгілі әнші, ақын Әсет Найманбайұлы да бірге болып өзінің «Алаш» толғауын шығарған. Әсет ақынның екі жылдың алдында, яғни 1916 жылы осы өлкеге біржола қоныс аударған кезі-тін. [2, 18].

Әсет Найманбайұлы – көрнекті ақын, әнші, композитор, Алаш қозғалысына қатысушы, қозғалыс көсемі А.Байтұрсынұлымен пікірлес болған. Әсет кеңес үкіметі орнағанда Қытайға өткен. Ол 1867 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданындағы Бақты ауылында дүниеге келген. Әсеттің ән мен өлеңге әуестігі медреседе оқып жүргенде-ақ байқалады. Қоянды жәрмеңкесіне барып, Арқаның ән мектебінен сусындап, оның әсем әндерін Жетісу мен Тарбағатай өңіріне жеткізуші, Біржанның, Ақанның, Құлтуманың әндерін шығыс аймаққа таратушы болады. Әсеттің ақындық мұрасын, яғни поэзиялық шығармаларын үш топқа бөліп қарауға болады. Олар: 1) өлеңдері 2) айтыстары 3) қисса-дастандары.

Барша халық оның басқа өлеңдерін, айтыстары мен қисса-дастандарын көп білмесе де, «Інжу-маржан», «Қысмет», «Мақпал», «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Қоңыр қаз»

тәрізді әндерін жақсы біледі.

Әсеттің «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Үш жетім қыз», «Нұғыман-Нағым», «Мәлік-Дарай», «Жұмсап», «Кешубай» атты қисса-дастандары бар [6, 38].

Ақынның тарихи құндылығы жоғары, шоқтығы биік туындыларының бірі – «Алашқа» дастаны. Поэmanın Алаш көсемдерінің Шәуешекке сапары барысында туғанын біз осы сапар жайында жазылған естеліктерден біле аламыз.

Сол сапарда оларды суретке түсіріп алған Мұхамеджан Юсупов өзінің күнделігіне: «1918 жылы апрель айы еді. Шәуешекке Россиядан келіп жатқан қазақ жазушылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов һәм Райымжан Марсековтердің құрметіне Шәуешектің сыртындағы бақшалардың бірінде Шәуешек қазақ зиялы жастары бір қонақ-мәжіліс жасады. Мәжілістің ашылуына Бақтыдан Шәуешекке өз құқымен, жеке ісімен келген қадірменді Қанағат болыс Сүлейменұлы (әйгілі Қабанбай батырдың нәсілі) жолдастарымен, жеті-сегіз адам келіп қатысты. Солардың арасында Әсет ақын да бар еді. Бұл Әсет ақынды мен осыдан төрт жыл бұрын Барлық-Арасанға бара жатқан жолымда, Еміл бойында Әлімғазы болыстың ата жұртында мейман болып қонған кезімде көргем, әрі салған әндерін естіген едім. Келушілер мен шақырылған меймандарды таныстырып болған соң Міржақып Әсет ақыннан бірер ән, өлең айтып беруді өтінді. Бұған сонда болған халық та қосылды. Басында Әсет кайфі (мүжәзі) жоқтығын, ән салуға тамағы ауырып жүргендігін сылтау қылып, қабыл алмады. Бірақ сұраушылар қайта-қайта ықылас еткен соң: «Мен домбырамен айтушы едім», - деп домбыра талап етті. Қайдан екенін білмеймін, бір жақсы домбыра тауып келтірілді. Бұны қолға алып, арлы-берлі шертіп көріп, мұнымен ән-күй айта алмайтындығын білдірді және: «Жақсы гармонь болса», - деді. Гармонь да табылды. Біраз уақыт Әсет қысылып, ыңғайсызданып отырды да әнге салып, өзінің өнерін көрсетті. Әсетті естушілер мактап, оған биік баға берді. Сол қонақ-мәжілістің соңынан рәсімге түсіру болып, Әсет те сонда бір шетте отырып түсіп қалған еді. Содан бір ай кейін тағы да бір қонақ-мәжілісте Әсетті ұшыраттым. Өзінен әнеу күнгі мәжілісте ән салғанда қысылып-қымтырылуының себебін сұрадым. Сонда Әсет: - Ей, қарағым-ай! Онда қонақ болып отырып, ән салуымды сұрағандар бір дария-теңіз, асқан ақын адамдар. Мен олардың қасында кішкене бір бұлақпын. Олардың алдында өзіңді байқап, аяғыңды абайлап баспасаң бола ма?, - деді. Үшбу рәсім 1918 жылы апрельдің ақырында Шәуешекте түсірілген. Арттан, сол жақтан алғанда түрегеп тұрғандар: 1. Хасен палуан. 2. Палуан Ысқақ. 3. Рақымжан. 4. Хасенжан (Аякөз молданың күйеуі). 5. Нияз Ысқақ. 6. Ғариф Борнаш. 7. Ғафиз Оразалин. 8. (?). 9. (?). 10. (?). 11. Қабыш Сейфуллин. 12. Зейнун Сейфуллин. 13. Мұхамеджан (өзі аппаратты дайындап қойып, жүгіріп барып тұра қалған – Т.Ж.). Ең соңында оңаша отырған Әсет Найманбаев. Орындықта отырғандар: 1. Ұржарлық судья Аманжолов. 2. Міржақып Дулатов. 3. Ахмет Байтұрсынов. 4. Райымжан Марсеков. Алда отырғандар: 1. (?). 2. Ғани қари. 3. Ибраһим Құлмұхамбетов. 4. Сабыржан хамиди. 5. Сербосын (наубайшы). 6. Мұнда Нияз ахунның қолы қалқалап қалған орындықта отырған Қанағат болыс ибн Сүлеймен. Аталған адамдардың барлығы да өте беделді, қазақ мәдениеті үшін маңдай терін төккен зиялылар. Үш арыстың құрметіне бүкіл қалалық сауық-серуен ұйымдастырып, палуан күрестіріп, салтанатпен қарсы алды», - деп жазыпты [7, 321].

2013 жылы Әсет Найманбайұлының Қытайдағы ешқайда жарияланбаған өлеңдерін Нұржан Дәулеткелдіұлы жинап алып келді. Оның ішіндегі «Алашқа» толғауы да бар еді. Төте жазумен жазылған бұл өлеңдер кирилицаға көшіріліп, www.adebiportal.kz сайтында тұңғыш рет жарияланды. «Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі» деп аталатын Сағымбай Ботпайұлы Жұмағұлдың еңбегіне «Алашқа» дастанының толық нұсқасы енгізілді.



2- сурет. (Сурет «Егемен Қазақстан» газетінен алынды)

Әсет ақын ән сал деп қолқалаған Ахаң мен Жахаңа арнап:

Міржақып, өлең айт деп қолқалайсың,
 Мен бе ақын сендер тұрып ой табатын.
 Алаш деп ағайынға сауға салып,
 Ахаң ер отырмай ма жол табатын.
 Аттыға ерген жаяудың таңы айырылса,
 Қайда қаймақ мәйегің сорпалайтын! – дегенде Ахмет Байтұрсынұлы сөз алып
 Алаштың негіздерін, мақсаттарын түсіндіреді екен. Сонда Әсет:
 - Ей, Аха, не дегенің бұй дегенің,
 Алашқа жалпақ елді жи дегенің.
 Алыс кеткен ағайын суық бауыр,
 Оған мыс жүре ме үйдегі елдің! – деген екен.

Алаш қайраткерлерінің Шәуешек сапарын қарапайым халық дұрыс түсінбей, жақтырмағаны да көп болған. Әсет ақынның мұндай ой айтуына сол себеп болса керек.

«Алашқа» дастанында көтерілген негізгі мәселелер:

1. Ескіліктің құрсауында қалып қойған қара халықты жарыққа шығаруға, надандықтан арылуға, көзін ашуға шақырады:

Бір заман торғай билеп самұрықты.
 Өтірікші, қу, сырғақ дос болғансып,
 Заты момын жақсыны жарға жықты.
 Білмейтін мағрипаты шала молла,
 Ерте әперген балаға қалыңдықты.
 Көресіге арқандап қойған малдай,
 Жастарды шырмап-матап жолын кесті.

2. Оқу-білімге, өнерге, мектеп ашуға шақырады:

Ұмытпа, қалың қазақ, Алашыңды,
 Сен де ал дүниеден аласыңды.
 Ғылым біл, өнер үйрен, өрге ұмтыл,
 Дәл бүгін саған осы жарасымды.

3. Дамыған, озған елдерден үлгі алып, солар жүрген жолмен жүру керектігін айтады:

Асқан ел ғылымменен қандай батыр,
 Ауызбен дәмін алсаң балдай татыр.
 Алдыңғы елу жылда сапқа кірді,
 Мажуси Итан халқы, Жапон да ақыр.

4. Алаш арыстарының төңірегіне жиналуды, Алаштың арманын аялауды, жүйелі іс қылу керектігін көпшілікке түсіндіреді:

Оятып іргендегі масылдарды,
Итан, жапон үлгісін үйрете алсаң.
Алаштың арманын шын аяласаң,
Адалдық берекемен басын қостыр.

Әсет Найманбайұлының «Итан», «Жапон» деп отырғаны – бүгінгі алпауыт елдер – Италия мен Жапония. Әсеттің Жапонияны тілге тиек етуі, сол кезеңдегі қоғамдық мәселелерден толықтай хабардар, саяси сауатты тұлға екенін, Алаш идеясын дұрыс ұғына білгенін көрсетеді.

Алаштың жаңа тұрпаттағы мемлекетшіл реформаторлар ұрпағын қалыптастыруды көздеген Ә.Бөкейхан қазақ халқының рухани және саяси кемелденуіне қажетті келелі мәселелерді шешудің практикалық жолдарын нұсқаған тұлға. «Алаш» бағдарламасы – жапондарды артта қалған феодалдық сегундар елінен небары 21 жылдың ішінде (1868-1889 жылдар аралығында) әлемнің ең дамыған қуатты мемлекетінің біріне айналдырған «Мэйди исин» (немесе «Мэйдзи жаңғыруы») бағдарламасының қазақша баламасы болатын [8, 6].

Десе де, бір таңқаларлығы, қазақ ұлттық элитасының Жапонияға деген қызығушылығы Ресей самодержавиялық билігінің ғана емес, Кеңес өкіметі көсемдерінің де айтарлықтай қауіп-қатерін тудырды. Жаппай қуғын-сүргін орын алған жылдары бұрынғы Алашордалықтарға тағылған саяси айыптаулардың бірі «Жапон үкіметімен құпия келісімдер жасауы» болды [9, 86].

Мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының толық аяқталмаған «Сәрсенбек» романындағы Сәрсенбектің «Сен Жапония деген сөзді біліп айтасың ба, білмей айтасың ба? Қазақ Жапониядай болу үшін кемінде елу жыл керек. Жапониядай еркін, өз алдына тәуелсіз ел болу керек. Орыстың патшасы мен төрелері тұрғанда Жапония түсіңе де кірмейді...» деген өзекжарды ойы сол бір асқарлы өмірлік мұраттың орындалуына қажетті тарихи алғышарттарды тереңнен түйсінуден туындап жатты [8, 7].

Санкт-Петербург әскери-медицина академиясының шәкірті Халел Досмұхамедұлының Қазан қаласындағы Ветеринар институтының студенті Ғұбайдолла Бердиевке жазған хатында: «Қазақ Жапония секілді болу үшін өзінің елдігі өзінде болу керек, онсыз қазақ бәрібір оңалмайды» деген берік ұстанымға тоқтайды [10, 5].

Бұл сипаттағы М.Әуезовтің «Жапония» (1918), С.Торайғырұлының «Социализм» (1918) мақалалары да елдік мәселелер тұрғысынан зор маңызға ие.

Әсет ақынның сол кезеңнің өзінде қазаққа үлгі етіп көрсеткен Жапония елі бүгінде әлемді аузына қаратқан алпауыттардың бірі. Біздің ақындарымыздың көрегендігі, болашақты тереңнен барлай білген қасиеттеріне таңқаламасқа болмас.

Егер де қазақты біртұтас ел деп танысақ, егер де Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындасақ және сол мойындауымыз шын болса, онда әлемнің қай түкпірінде болмасын қазақ елінің азаттығы үшін күрескен әр жауынгерді, әрбір құрбанды – қазақтың біртұтас ұлт-азаттық күресінің ардагерлері деп тануымыз керек.

Бүгінгі тәуелсіздігіміз бен азаттығымыздың себепшісі болған Алашшыл идеяның бастау биігінде тұрған қайраткерлеріміз мәңгілік ел жадында. Биыл Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толу қарсаңында Алаштың ардақтыларын елеп, ескеріп, биікке шығара мақтансақ та, марқайсақ та жарасымды.

Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Ғаламдастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. 4-ші Т: Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. - желтоқсан 1919 ж. Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. – Т.4. – 352 б.
2. Қайратұлы Б. Арғы бетке асқан алаш арыстары // Оян, намыс. – 2011. – №2. – 16-19 б.
3. Райханұлы Е. Алаш қайраткерлерінің Шәуешекке сапары // Абай. – 2009. – №1. – 46-47 б.

4. Қыдырханұлы У. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары. // Егемен Қазақстан. – 2008. – 25 маусым. – 4 б.
5. Рахметуллин Е. Шығыс Түркістан һәм «Алаш қозғалысы» идеясы. // qasim.kz сайтынан
6. Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
7. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б.
8. Жұмағұл С. Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі. Әдеби шығармалар. – Қарағанды: Тенгри баспасы, 2017. – 184 б.
9. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Аманат. II том. – Шымкент: «Азиат» баспасы, 2016. – 640 б.
10. Сәйдірахманұлы Ұ. Алаш мұраты һәм мейдзи өзгерісі: саяси үндестігі, идеялық бірлігі. // Жебе. – 2013. – 12 қыркүйек. – 8б.

ӘОЖ: 800.87(510+574)

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ СӨЗ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Асылбекқызы Ақнұр

Aknur_asilbekkyzy@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекші – Ә.Б.Алмауытова

Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеу жұмысы соңғы жылдары Республика көлемінен шығып, алыс шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы тілін де қамти бастады. Қазақстаннан тыс елдерде жасайтын және жалпы қазақ халқының үштен бір бөлігін құрайтын қазақ диаспорасының, бір тармақтарын зерттеуді қазақ диалектологиясының маңызды бір тармағы деп қарасақ, соның ішінде Қытайдағы қазақтардың тілін зерттеу соңғы жылдары ғана жалғасын тапты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу – бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді» Демек, шеттегі қандастарымыздың тарихы – бұл біздің ұлтымыздың ақтаңдақ беті.

Қазақ диалектологиясындағы зерттеулер диаспорология және лексикография салаларымен де байланысты жүргізілді. Осы күнге дейін қазақ диалектологиясындағы зерттеулер, ғылыми еңбектер, сөздіктерде жарияланған материалдардың басын қосып, толықтырудың нәтижесінде академик Ш.Ш.Сарыбаевтың редакторлығымен «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі»[1] құрастырылғанын ерекше атап өтуге болады. Себебі сөздіктің негізгі материалы ретінде Қазақстан территориясынан тысқары, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ресей федерациясындағы, сонымен қатар алыс шет елдер Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран елдеріндегі қазақ диаспорасының тілінен лексикалық, фонетикалық және грамматикалық та ерекшеліктер пайдаланылды. Жинақталып сараланған мұндай тілдік ерекшеліктер осы кезге дейін шешілмей келген даулы мәселелердің басын айқындап беруге, сондай-ақ туыстас түркі тілдері мен өзге де тілдердің тарихына қатысты кейбір мәселелерді шешуге бай материал бола алады.

Жалпы Қытайдағы қазақтар Шыңжаң ұйғыр автономиялы районының Іле қазақ автономиялы облысында, Мори қазақ автономиялы ауданында, Баркөл қазақ автономиялы ауданында тұрады. Бір бөлімі Үрімжі, Шығызы, Қарамайлы қалаларында және Санжы хуыз (дүңген) автономиялы облысына қарасты Санжы, Құтыби, Манас, Жемсары, Шонжы, Фуқаң, Мишуан, Фуқаң аудандарында тұрады. Бұдан басқа Шыңжаңмен шекаралас Чинхай